

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ШЖҚ РМК «Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты»

ҚМПИ Ғылыми кеңесінің
отырысында бекітілді

«2» маусым 2016 ж. №12 хаттамасы




Ректор М.а.  Е. Әбіл



Пәннің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) әзірлеу бойынша

ЕРЕЖЕ

Р ҚМПИ 26

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	
	Р ҚМПИ 26	үшінші	Бекентаева А.К.	Кифик Н.Ю.	Қадыржанова Б.Б.
					

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 31.05.2016ж.	Үшінші басылым.
	Пәннің оқу- әдістемелік кешені туралы ереже	Р ҚМПИ 26	Беті: 2

1. Жалпы ереже

1.1 Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) білім беру бағдарламасының құрылымды бірлігі немесе студентті оқытудағы білім траекториясы болып табылады және маманның біліктілік сипаты мен жалпы міндетті мемлекеттік білім стандарты негізінде жасалады.

ПОӘК жүктемелері:

- студенттердің материалды игеруіне практикалық және әдістемелік көмек көрсету;
- пән бойынша оқу үдерісін өткізу және дайындау кезінде оқушыларға әдістемелік көмек көрсету;

- оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша кафедра жұмысын жоспарлау мен бағалау үшін негіз болып табылады.

Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің мақсаты - оқылатын пәннің моделін жасау және соның ішінде:

- оқу үдерісінің жүйесін сипаттайтын құжаттардың оқу әдістемелік жиынтығы;
- мамандарды дайындауды басқарудың дидактикалық құралдары.

1.2. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және құрастыру 2007 жыл 27 шілдеде шыққан ҚР «Білім туралы» Заңына (09.04.2016 жыл өзгерістері және қосымшаларымен), 20.04.2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрі м.а. №152 (20.01.2016 жыл өзгерістері және қосымшаларымен) бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелеріне», сонымен бірге осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Пәннің оқу- әдістемелік кешенінің мазмұны

Пәннің оқу-әдістемелік материалдары кешені келесі құрылымға ие:

1. Типтік оқу бағдарламасы (оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша) немесе элективті пән бойынша бағдарлама (оқытушы немесе оқытушылар ұжымы әзірлеген, институттың Ғылыми әдістемелік кеңесі бекіткен);

2. Жұмыс оқу бағдарламасы(syllabus);

3. Дәрістер кешені (дәрістер тезистері);

4. Көрсету және көмекші материалдарының жиынтығы;

5. Курстық, бақылау және басқа да жазба жұмыстарының орындалуына арналған әдістемелік нұсқау.

2.1 Типтік оқу бағдарламасы уәкілетті орган бекіткен, мемлекеттік жалпы міндетті стандарт негізінде оқу жоспарының міндетті компоненті ретінде әзірленеді

2.2 Жұмыс оқу бағдарламасын (силлабус) дайындауға аса тыңғылықтылық таныту қажет, өйткені ол студенттердің пәнді оқу барысында басшылыққа алатын ең негізгі дереккөзі. Онда студенттерді курстың мазмұнымен, өзектілігімен және қажеттілігімен, курстың саясатымен, оқу барысында студенттер меңгеруге тиісті дағдылар мен әдістермен таныстырылады.

Жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) құрылымында келесі компоненттер болуы тиіс:

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 31.05.2016ж.	Үшінші басылым.
	Пәннің оқу- әдістемелік кешені туралы ереже	Р ҚМПИ 26	Беті: 3

- Курстың атауы, нөмірі (коды) және кредиттердің саны;
- Оқытушының Т.А.Ә., байланыс мәліметтері;
- Курстың қысқаша сипаттамасы (кіріспе);
- Пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері;
- Тақырыптық жоспар;
- Пәннің мазмұны;
- СӨЖ орындалуы бойынша әдістемелік нұсқау;
- Курстың академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты;
- Аралық бақылау мен қорытынды бақылаудың сұрақтары;
- Білімді бағалау шкаласы
- Пәнді оқытуға арналған әдебиеттер тізімі.

2.3 Дәріс кешені (дәріс тезистері)

Ақпараттық, интербелсенді, рефлексі-әрекетті әдістер мен қабылдауларды пайдаланудың арқасында дәріс оқу үдерісінде жетекші, айқындаушы болып табылады.

Қазіргі ақпараттық технологияны енгізу жағдайында, дәріс материалдарының электронды және қағаз нұсқалары әрбір студентке қолжетімді жағдайында, дәріс проблемалы-зерттеушілік сипатқа ие болуы керек. Дәріс ауызша оқыту әдісі ретінде аудиовизуалды материалдармен толығырақ, бұл оқу үдерісінің қарқындылығын қамтамасыз етеді. Дәріс материалды жеткізу монолог түрінде емес, диалог түрінде жеткізуді мақсат етуі тиіс.

Оқытушыдан пәннің әрбір тақырыбы бойынша дәріс сабағының әдістемелік әзірлемесі талап етіледі. Бұл үшін оны өткізудің толық жоспарын құрастыру қажет, онда келесі мәселелер қамтылуы тиіс:

- * мақсаты;
- * дәріс жоспары;
- * көрсету материалдарының түрі;
- * дәріс түрі;
- * сабақтың қорытындысы.

Дәріс сабағын әзірлеу әдістемесі студенттердің келесі өздік жұмыстарын орайластырған негізде қамтылуы тиіс.

ПОӘК-та дәріс материалдары әзірлемесі тақырып бойынша тезис көлемінде беріледі.

2.4 Көрсету және көмекші материалдарының жиынтығы электронды слайдтардың нұсқаларынан, суретті-сызба жұмыстарынан; видеофильмдерден, ТСО кешенін және т.б. құралады. ПОӘК-та материалдар электронды түрде сақталады. Тарататын және суретті-сызба (диаграмма, графика, кесте, карталар, сызба, фотосуреттер, сюжетті суреттер және т.б.) материалдары қажеті болса қағаз нұсқасында беріледі.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 31.05.2016ж.	Үшінші басылым.
Пәннің оқу- әдістемелік кешені туралы ереже	Р ҚМПИ 26	Беті: 4

2.5 Курстық, бақылау және басқа да жазба жұмыстарының орындалуына арналған әдістемелік нұсқау. Әдістемелік ұсыныстар жазба жұмыстарын орындау бойынша талаптар мен ерекше нұсқаулардан құралады.

3. ПОӘК-ті келісу және бекіту, әзірлеу тәртібі

ПОӘК-ті пән бойынша бір оқытушы немесе оқытушылар ұжымы әзірлейді. Пән бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) бір нұсқада әзірленуі қажет.

ПОӘК құрамына кіретін оқу-әдістемелік материалдар түрі мен тағайындалғанына қарай келесі бекітулер мен талқылаулардан өтуі тиіс:

- жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) кафедра отырысында қаралады және бекітуге ұсынылады, факультеттің әдістемелік бюросында пікір жазылады және мақұлданады, факультет кеңесінде қаралады және бекітіледі.

- Зертханалық, практикалық семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар, СОӨЖ бен СӨЖ дайындаған кафедра оқытушысы қарайды және бекітеді.

- Пәннің оқу-әдістемелік кешенін Факультет кеңесіне бекіту үшін кафедра шешімімен ұсынылады. Бекіту рәсімі (немесе қайта бекіту) қосымша және өзгеріс енгізу жылына бір рет 1 маусымға дейін өткізіледі.

4. Жауапкершілік

ПОӘК кафедрада сақталады, оның сақталуына кафедра лаборанты жауапты. Ол кафедра оқытушыларына беріледі. Студенттер ПОӘК-тің құрамдас бөлігін, жұмыс оқу бағдарламасын (силлабусты), пайдаланады, ол кафедрада, электронды оқу залында болады.

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 31.05.2016ж.	Үшінші басылым.
	Пәннің оқу- әдістемелік кешені туралы ереже	Р ҚМПИ 26	Беті: 5

Қосымша А

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
_____ факультеті
_____ кафедрасы

«Бекітілді»
Факультет кеңесінің
«____» _____ 20__ ж. № ____ хаттамасы Кеңес
төрағасы _____

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

пән _____

мамандық _____

оқыту түрі: күндізгі, сырттай _____

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 31.05.2016ж.	Үшінші басылым.
	Пәннің оқу- әдістемелік кешені туралы ереже	Р ҚМПИ 26	Беті: 7